

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**  
**Мамандығы: Құқықтану**  
**Шифр: 6В04205**

**Пән: Мемлекет және құқық тарихы**

**СӨЖ арналған тапсырмалар, оларды орындау кестесі, оларға әдістемелік нұсқаулар.**

**СӨЖ арналған тапсырмалар және оларды орындау кестесі**

<b>к/с</b>	<b>СӨЖ тапсырмалары</b>	<b>СӨЖ орындау нысаны</b>	<b>СӨЖ тапсыру мерзімдері</b>
1	Ежелгі Шығыс елдерінің құқықтық мұралары	презентация	3-4 апта
2	Феодалдық қоғамның құқықтық мұралары	презентация	4-5 апта
3	АҚШ-тың және Францияның ХҮІІІ ғ. маңызды буржуазиялық актілері	презентация	7-8 апта
4	Жаңа заманда құқықтың дамуы	презентация	9-10 апта
5	Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің құқықтық жүйесі	презентация	11-12 апта
6	XIX ғ. 20-ж. және 60-90- жж. реформалар бойынша Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер	презентация	13-14 апта
7	Зерттеу нәтижелерін презентациялау және қорғау	презентация	15 апта

**СОБЖ орындау (тапсыру) бойынша әдістемелік нұсқаулар.**

**1 СОБЖ – Ежелгі Шығыс елдерінің құқықтық мұралары (жеке-бағдарланған)**

**Ұсыныс:** Хаммурапи заңдары мен Ману заңдарының қайнар көздерін жіктеп, екі заңның ортақ және ерекшелік белгілерін анықтау қажет. Екі заңның мазмұнымен танысып, салыстырмалы талдау жасау керек. Тақырып бойынша жаңа ұғымдар мен терминдерден глоссарий құрастыру қажет.

1 СОБЖ бойынша қойылатын ең жоғары балл – 30 балл.

**Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:**

- идеяның дұрыстығы;
- материалдарды терең меңгерілуі;
- шешімнің толық болуы;
- баяндау тілінің анықтығы, негізділігі.
- жаңа ұғымдар мен терминдердің толық игерілуі.

**2 СОБЖ – Феодалдық қоғамның құқықтық мұралары.**

**Ұсыныс:** Салийлік правда, Каролина, Орыс правдасының мәтіндерін оқып, оларға жеке-жеке сипаттама конспектін әзірлеу. Феодалдық қоғамның құқықтық мұраларының ішкі тұтастықтарын ашу және олардың сипатын айқындау. Тақырып бойынша жаңа ұғымдар мен терминдерден глоссарий құрастыру.

2 СОБЖ бойынша қойылатын ең жоғары балл – 30 балл.

### **Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:**

- идеяның дұрыстығы;
- материалдардың терең зерттелуі;
- шешімнің толық болуы;
- баяндау тілінің анықтығы, негізділігі.
- жаңа ұғымдар мен терминдерді игеру деңгейі.

### **3 СОБЖ - АҚШ-тың және Францияның ХҮІІІ ғ. маңызды буржуазиялық актілері (жобалы-ұйымдастырылған)**

**Ұсыныс:** АҚШ-тың 1776 ж. Тәуелсіздік туралы Декларациясының, Францияның 1789 ж. және 1793 ж. Адам және азамат құқықтарының Декларацияларының мәтінімен танысып, негізгі қағидаларына сараптама жасау. Қазіргі заманғы қолданыстағы құқықтық қағидалармен салыстырмалы талдау жасап, оның кемшін тұстары анықтау, тиісінше оны жою арқылы тиісті институттарды жетілдіру жолдарын ұсыну қажет. Тапсырма презентация нысанында қабылданады.

3 СОБЖ бойынша қойылатын ең жоғары балл – 20 балл.

#### **Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:**

- материал мазмұнының толық зерттеліп, саралануы;
- табиғи-құқықтық идеялардың мәні мен маңызының ашылуы;
- актілердің кемшін тұстарын дұрыс анықтау;
- презентацияның мазмұны;
- жасаған қорытындының негізделуі.

### **4 СОБЖ - Жаңа заманда құқықтың дамуы (жобалы-ұйымдастырылған)**

**Ұсыныс:** Францияның 1804 ж. азаматтық кодексіне, Германияның 1900 ж. азаматтық заңдар жинағына талдау жасап, буржуазиялық азаматтық құқықтың, оның қайнар көздерінің, қағидаларының және институттарының қалыптасып, дамуының негізгі заңдылықтарын анықтау керек. Француз азаматтық кодексі мен Герман азаматтық заңдар жинағын салыстырмалы талдау жасай отырып, оларды бағалау қажет.

5 СОБЖ бойынша қойылатын ең жоғары балл – 20 балл.

#### **Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:**

- материал мазмұнының толық зерттеліп, саралануы;
- буржуазиялық құқықтың негізгі заңдылықтарын талдау деңгейі;
- идеяның дұрыстығы;
- презентацияның мазмұны;
- жасаған қорытындының негізделуі.

### **5 СОБЖ - Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің құқықтық жүйесі**

**Ұсыныс:** Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы нәтижесінде пайда болған ерекше басқару органдары – қауымдық кеңес, жоғарғы көсем және әскери қолбасшының функцияларына сипаттама беру керек. Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің пайда болуының ерекшеліктерін ашып көрсету қажет. Сақ-массагет тайпаларындағы құқықтық қатынастарды реттеу. Ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың әскери құқықтық жүйесіне, Батыс-Түрік

қағанатының құқығына талдау жасау. Қарахандардың ертефеодалдық мемлекетінің құқықтық жүйесін зерделеу қажет.

5 СОБЖ бойынша қойылатын ең жоғары балл – 20 балл.

**Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:**

- материал мазмұнының толық зерттеліп, саралануы;
- буржуазиялық құқықтың негізгі заңдылықтарын талдау деңгейі;
- идеяның дұрыстығы;
- презентацияның мазмұны;
- жасаған қорытындының негізделуі.

**6 СОБЖ - XIX ғ. 20-ж. және 60-90- жж. реформалар бойынша Қазақстанның саяси-әкімшілік құрылысындағы өзгерістер.**

**Ұсыныс:** Орта жүздегі 1822 ж. реформаға дайындық және оны жүргізу, патша үкіметінің негізгі актілері: 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы». Әкімшілік құрылыста және сот жүйесіндегі өзгерістер. 1838 ж. «Сібір қырғыздарын басқару туралы Ережені» әзірлеу және қабылдау. 1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы Ережені» және 1844 ж. «Орынбор қырғыздарын басқару туралы Ережені» дайындау және қабылдау. Алатау округын құру, 1867-1868 жж. «Уақытша ережелерді» дайындау және жүзеге қабылдау. Қазақстанның әкімшілік-құқықтық жүйесі. Сот және сот ісін жүргізу. 1881 ж. және 1898 ж. Ережені дайындау және қабылдау.

6 СОБЖ бойынша қойылатын ең жоғары балл – 20 балл.

**Жұмысты бағалау негіздері болып табылады:**

- материал мазмұнының толық зерттеліп, саралануы;
- буржуазиялық құқықтың негізгі заңдылықтарын талдау деңгейі;
- идеяның дұрыстығы;
- презентацияның мазмұны;
- жасаған қорытындының негізделуі.

### СОБЖ тапсырмаларын өткізудің мерзімдері

Аптала	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
СОБЖ №1			*												
СОБЖ №2					*										
СОБЖ №3							*								
СОБЖ №4									*						
СОБЖ №5												*			
СОБЖ №6														*	
СОБЖ №7															*
Балл			30		30		20		20			20		20	20